ҚАРЖЫ ПИРАМИДАСЫН ҚҰРУШЫЛАРМЕН КҮРЕС КҮШЕЙДІ

3-бет

ӘДІЛДІК ҮСТЕМДІК ҚҰРДЫ

5-бет

ЗАҢ газеті

zangazet@mail.ru

№39 (3570) 30 мамыр 2023

ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

ҰТЫСТАН ҚҰР ҚАЛМАҢЫЗ!

Біздің басылымдарға жазылып, ұтысты болыңыз!

Басты сыйлық – **АЙФОН 14 ПРО МАКС!**

Бұдан бөлек: Айфонның құлаққабы, сағаты, 2 REDMI NOTE 11 Pro ойнатылады. Сондай-ақ, қысқатолқынды пеш, шаңсорғыш, үтік секілді көптеген тұрмыстық техникалар бар. Бірқатар жүлдегер «Заң» медиа-корпорациясының» қолдауымен жарыққа шыққан «ШЫТЫРМАН» шығармалар жинағына ие болады.

ҰТЫСҚА ҚАТЫСУ ҮШІН НЕ КЕРЕК?

Ол үшін пошта бөлімшесіне барып:

«Заң газетіне» (индекс – 65921); «Юридическая газетаға» (индекс – 65928); «Заң» журналына (индекс – 75849); (Фемида» журналына (индекс – 75858) жыл соңына дейін жазылып, түбіртектің көшірмесін бізге жолдасаңыздар болғаны!

Екі басылымға жазылғандардың мүмкіндігі екі есе өседі!

ҰТЫС ИЕГЕРЛЕРІ 17 ШІЛДЕДЕ АНЫҚТАЛАДЫ.

Ал, іске сәт!

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ТАРИХҚА ТАҒЗЫМ

31-мамыр – саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні. «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламадан» басталатын аштық пен репрессия жылдары қазақ халқына ұлт ретінде жойылып кету қаупі төнген-ді. 1925 жылы қыркүйекте Қазақстанға басшылық қызметке Ф. Голощекиннің келуі елде орын ала бастаған аштық , теріс саясат жағдайын одан бетер ушықтырды.

(Соңы 3-бетте)

СҰХБАТ

Азизхан ИСМАИЛОВ,
Түркістан облысы Қазығұрт ауданының әкімі:

«МАҚСАТЫМЫЗ - БЕРЕКЕЛІ ҚОҒАМ ҚАЛЫПТАСТЫРУ»

– Азизхан Әзімханұлы, былтыр ауданда шағын және орта бизнесті дамыту саласы бойынша қандай іс атқарылды?

– Қазығұрт ауданында шағын және орта бизнес саласын дамыту үшін өткен жылы жалпы 65 жоба іске асырылған. Сонымен қатар, Мемлекет басшысының «Ауыл аманаты» жобасы ауданда Шарбұлақ және Шанақ ауылдық округтерінде пилоттық режимде іске асырылуда. Атап айтсақ, Шарбұлақ ауылы округінде сүт, ал Шанақ ауылында ет бағытындағы жобалар қолға алынған. Сондай-ақ, Мемлекет басшысының 10 мың тұрғынға 100 тұрақты жұмыс орнын құру туралы тапсырмасы бойынша ауданда 2022 жылдың қорытындысымен 1 421 жаңа жұмыс орны құрылып, жылдық жоспар 2 есеге артық орындалған. Ал, биыл 1 152 жаңа жұмыс орындарын құру жоспарланып, 3 айдың қорытындысымен 309 жаңа жұмыс орны ашылып отыр.

(Соңы 5-бетте)

КӨКЕЙКЕСТІ

ОТБАСЫНЫҢ СӘНІ – СЫЙЛАСТЫҚ

Отбасы – адам үшін ең жақын әлеуметтік орта. Отбасы белгілі дәстүрлердің, жағымды өнегенің, мұралар мен салт-дәстүрдің сақтаушысы. Сонымен бірге, отбасы – баланың азамат болып өсуінің негізі.

Өкінішке қарай, соңғы жылдардағы ажырасу статистикасы жанымызды жабырқатады. Бұрын некенің бұзылуы төтенше жағдай саналса, бүгінде ажырасу қарапайым нәрсеге айналып барады. Неліктен? Әлем өзгеруде, біз де өзгердік. Некеге деген көзқарас та өзгерді. Бұрын ата-әжелеріміз отбасын бір рет және біржола құруды мақсат етті! Олар қаржыға, экономикалық қиындыққа қарамастан, балаларын дүниеге әкелді, олар қоғамның, ұжымның бір бөлшегі екенін сезінуге тырысты. Ал қазіргі жастар бірінші қаржылық әл-ауқатқа, өз жоспарын жүзеге асыруға, өз амбициясын қанағаттандыруға ұмтылуда. Жастар өзімшіл, атаққұмар болып кетті. Енді жеке тұлға болуға деген ұмтылысты анық көруге болады. Қазір отбасы көбінесе «ұлы» мақсатқа немесе жоспарға жетудің бір қадамы ретінде құрылады, бірақ басты емес.

Адамдар неге ажырасады? Мұның көптеген себебі бар. Екі адам отбасын құруға шешім қабылдағанда, қадамды бір-біріне деген сүйіспеншілік пен нәзіктік, сенімділік пен адамға деген құрмет негізінде жасайды. Бірақ күнделікті өмірде олар билік үшін күреске түседі, бәсекеге түседі және соның нәтижесінде әрқайсысы өз пайдасын сақтай отырып, құқығы мен міндетін бөліседі. Ал отбасы мүлдем басқа құрылым, онда теңдікке ұмтылудан гөрі, бір-бірін түсінуге, құрметтеуге және қолдауға тырысу керек.

Көптеген отбасылық қақтығыстың негізгі себебі – біз бірте-бірте өз жартымыздан жеке тұлғаны көруді тоқтатамыз, біз оны өзімізге пайдалы функциялар жиынтығы ретінде қарастыра бастаймыз, біз жұбайымыздың ең жақсы қасиетін байқамауға, бағаламауға үйренеміз. Осылайша өз бойындағы жағымсыз нәрсені дамыта отырып, ерлі-зайыптылар жанжалдасып, дауласа бастайды. Егер тілек пен шыдамдылық болса, отбасындағы кез келген мәселені шешуге болады. Оны өзімізбен жұмыс істеу арқылы үйрену керек.

СОҚЫР ЕРКЕК, МЫЛҚАУ ӘЙЕЛ... Тура мағынасында емес, әрине!

Әйелі тамақты дәмді істесе, күйеуі үндемей қалмау керек: «ммм, қандай дәмді» деп, қайта тамақ дәмсіз болса үндемеу керек. Жер бетінде кемшіліксіз адам жоқ. Демек, кемшіліксіз қарым-қатынас та болмайды. Әр отбасы өзінің күнделікті шым-шытырық оқиғасымен өмір сүруде. Бірақ...

...Бірақ сол отбасының іргетасын қалаушы ерлі-зайыптылар керек емес жерде көрмей қалып, есту керек сөзді естімей қалатындай уақытша «соқыр, мылқау» болса, отбасы тыныштығы берік болмақ! Негізі ерлі-зайыптының екеуі де өзімшілдік пен тәкаппарлықты ысырып қойып, отбасын сақтап қалуға тырысуы керек. Себебі, шайтанның ең үлкен жеңісі – екі жастың арасын бұзып, шаңырақты шайқалту!

Кейде шыбынның қанаты артта тұрған үлкен тауды көлегейлеп, көрсетпей тұрады. Сол секілді ұсақ-түйек ұрыс пен түсініспеушілік те кейде күйеуіннің не әйеліннің таудай жақсылығын ұмыттырып жібереді. Содан соң арақатынас бұзылады, сыйластық кетеді...

Ерлі-зайыптылар бір-бірін барынша түсініп, жақсылығын асырып, жамандығын жасырып, кемшілік пен олқылықты елемесе, арадағы сыйластық та махаббат та артады! Сондықтан азды-көпті қателіктерге көз жұмып, барлық нәрсеге сабыр етіп шыдамдылық танытқан адам ғана жақсылыққа қол жеткізетінін ұмытпау керек.

Отбасының ең маңызды қызметінің бірі – тәрбиелеу. Оны қоғамдық тәрбиенің ең тиімді деген жүйесі де алмастыра алмайды.

(Соңы 4-бетте)

СОТ СӨЙЛЕСІН

Әкімшілік әділет институты Қазақстанның құқықтық алаңына үлкен өзгеріс, соны серпін әкелді. Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің қабылдануымен жария-құқықтық дауларды оңтайлы шешуге, жеке және заңды тұлғалар мен мемлекеттік билік арасындағы келіспеушіліктерді тиімді реттеуге жол ашылды. Аталмыш заң қабылданғанға дейін азаматтар мен мемлекеттік органдардың мүмкіндігі, құқық қолдану әлеуеті салыстыруға келмейтін. Ал жаңа заң сол олқылықтың орнын толтырып, азаматтардың әділ заңға, сот пен биліктің пәрменіне деген сенімін нығайтты.

ӘКІМШІЛІК ӘДІЛЕТТІҢ ӘЛЕУЕТІ ЗОР

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің жаңашылдығы көп. Соның бастысы, кодекс судьяның белсенділігін арттырды. Соған сай судьяға әкімшілік істің нақты және заңды тұстарына жататын құқықтық негіздемелер бойынша өзінің алдын ала құқықтық пікірін айтуына құқық берілді. Ал бұрын судьяда мұндай мүмкіндік болған жоқ. Соттың өз бастамасымен немесе әкімшілік процеске қатысушылардың уәжді өтініш-хатына сүйене отырып қосымша материалдар мен дәлелдемелерді жинауы да маңызды жаңалықтың бірі. Әсіресе, әкімшілік істерде тараптардың татуласуына барынша мүмкіндік жасалып отыр.

Қазақстанның қылмыстық заңнамасында да, азаматтық заңнамасында да тараптардың татуласуына жол ашық. Алайда, мұндай игілік тараптың бірі мемлекеттік орган болғанда берілмейтін. Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс мемлекеттік құрылым мен жеке және заңды тұлғалардың татуласуына заңдық мүмкіндік берген бірден-бір құжат. Мұнда «Татуластыру рәсімдері» кеңінен қолданылады. Бұл кодекстің 120-бабымен бекітілген. Егер тараптар дауды татуласу, медиация не партисипативтік жолмен шешуге тоқтаса, онда келісім жазбаша түрде жасалады. Оған екі жақ немесе олардың өкілдері қол қояды. Тараптардың бітімге келуі, ортақ мәміле жасауы уақыт жағынан да, қаржылық тұрғыдан да тиімді екенін айту артық. Бұған он екі жылдан бері тәжірибеде қолданылып келе жатқан «Медиация туралы» заң халықтың көзін толық жеткізді.

Әкімшілік істерде судья тараптардың татуласуы үшін қажетті шаралар қабылдай алады, дауды процесс барысында реттеуге көмектеседі. Осы ретте бір ескерерлігі дауласушы тараптар өзара татуласу, медиация немесе дауды партисипативтік рәсіммен шешуге келісім бермесе немесе сот келісімнің шарттарын бекітпесе, әкімшілік істі талқылау жалпы тәртіппен жүргізіледі. Себебі, заң тараптардың өзара келісімге келуін, бір-бірімен татуласуын басты шарт ретінде қарастырады. Бұл мысалдар жаңа заңның гуманитаралық бағытын, заңнаманы одан әрі ізгілендіру ісінің нәтижелі жүргізіліп жатқанын көрсетеді.

Егер тараптар жасаған келісім заңға қайшы келсе, сот оны бекітпейді. Осыдан көріп тұрғанымыздай, әкімшілік әділет институтында адамдардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін бұзатын келісімдерге жол берілмейді.

Бүгінде сот татуластыру рәсімдерін кеңінен қолдану бойынша тұрақты жұмыс жүргізуде. Біздің Алматы облыстық мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соты да татуластыру рәсімдерінің тиімділігін түсіндіріп, мемлекеттік органдармен жиі басқосулар ұйымдастырып келеді. Сот өндірісіне түсетін кеден, еңбек, тұрғын үй даулары бойынша, мемлекеттік сатып алу, аудит және қаржылық бақылау саласындағы даулар бойынша, құқық қорғау саласына қатысты даулар бойынша талап арыздар көп болғанымен, алғашқы жылдары тараптардың татуласуы, бітімге келуі сирек еді. Сот тарапынан жүргізілген түсіндіру жұмыстарының, маңызды басқосулардың нәтижесінде бүгінде аталған даулар санаттары бойынша татуласатындар үлесі артып келеді. Тараптарды тартыстырғаннан жарастырып, татуластырудың тиімділігі зор. Сондықтан, бұл бағыттағы жұмыс алдағы уақытта да үзілмейді.

Мәлс ИДИРИСОВ,
Алматы облысы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының төрағасы

БІЛГЕН ЖӨН

ҚАЙТЫС БОЛУ ДЕРЕГІН ДЕР КЕЗІНДЕ ТІРКЕУ КЕРЕК

Азаматтардың өз туысының қайтыс болу фактісін анықтау бойынша арыздары азаймай тұр. Неке және отбасы кодексінің талабына сай, қайтыс болуды мемлекеттік тіркеуде, біріншіден, медициналық ұйым берген, қайтыс болу туралы белгіленген нысандағы анықтама негізге алынады. Екіншіден, егер медициналық ұйымнан анықтаманы алмаған жағдайда, қайтыс болу фактісін белгілеу туралы немесе адамды қайтыс болды деп жариялау туралы соттың шешімі шығарылады.

Яғни, адамның қайтыс болу фактісін анықтау туралы арыз сот өндірісіне қабылданып, іс қаралуы үшін Азаматтық хал актілерін тіркеу (АХАТ) органдары қайтыс болған адам туралы деректі тіркеуден бас тартқаны туралы арызданушыға жазбаша анықтама беруі керек.

Ол үшін арызданушы өз арызында туысының қайтыс болуы туралы фактіні қандай мақсатпен анықтауы қажет екенін көрсетуі тиіс. Сондай-ақ арыз берушінің тиісті құжаттарды алуы мүмкін еместігін не жоғалған құжаттарды қалпына келтіруі мүмкін еместігін растайтын дәлелдемелер келтіруге тиіс.

Көп жағдайда, арызданушылар өз туысының қайтыс болғанына қайғырып, деректі уақытылы тіркемейді. Мұның соңы қайтыс болу фактісін анықтау туралы арызбен сотқа жүгінуге әкеп соқтырады. Сондықтан, туысы қайтыс болған жағдайда азаматтар жергілікті медициналық ұйымға жүгініп, олар берген анықтаманы жергілікті азаматтық хал актілерін тіркеу бөліміне ұсынып, заң жүзінде қайтыс болуды тіркету қажет. Сот практикасы көрсеткендей, аталған рәсімді білмейтін азаматтар көп.

Сонымен қатар, қайтыс болған азаматты жерлеу кезінде жергілікті имамдар, әкімдер үй иелеріне міндетті түрде қайтыс болу фактісін тиісті органдарға хабарлау, медициналық ұйым қызметкерлерін шақыртып, қайтыс болу фактісін куәландыру керектігін жеткізуі қажет.

Аңсабек НАЗАРҚҰЛОВ,
Байзақ аудандық сотының судьясы
ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ

ПАЙЫМ

МЕНШІККЕ ҚАРСЫ ҚЫЛМЫСТЫ АЗАЙТУ ӨЗ ҚОЛЫМЫЗДА

Біздің елімізде меншікке қарсы қылмыс пен ұрлыққа қатысты құқықтық жауаптылық қатаңдатылған. Алматы сияқты ірі мегаполисте мұндай қылмыстар жиі тіркеледі. Сәйкесінше сотта да меншікке қарсы қылмыс бойынша қаралатын қылмыстық істер аз емес.

М.КАКИМЖАНОВ,
Алматы қаласы қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы

Қазақстанда қылмыстық құқықтық принцип жауаптылыққа негізделген. Қылмыстың өтеуі – жаза. Алайда, жеңіл жолмен табыс тауып, өзгенің есебінен күн көріп жүргендер жазаның қатаңдығын елемейді. Сондықтан қолындағы барынан ажырап, қапы қалмас үшін азаматтардың өзі де күмәнді табыстарға сене бермей, барлық ұсыныстарға сақ қарағаны жөн. Еліміздің Конституциясына сәйкес, Қазақстанда мемлекеттік меншік пен жеке меншік заңмен реттеледі және бірдей қорғалады. Сонымен қатар, Қазақстан азаматтары заңды түрде алған қандай да болсын мүлкін жекеменшікте ұстай алады. Әркімнің меншігіндегі мүлікті иеленуіне, пайдалануына және оған билік етуіне құқығы бар. Ешкімді де сот шешімі шықпай тұрып мүлкінен айыруға жол берілмейді. Меншікке қарсы қылмыс деп азаматтардың иелік ету құқығын бұзуды, меншік иесіне басқа да тәсілдермен мүліктік зиян келтіруді атайды.

Құқықтық статистика мен сот тәжірибесі көрсеткендей меншікке қарсы қылмыстар елімізде тіркелген қылмыстардың басым бөлігін құрайды. Меншікке қарсы қылмыстар көп таралған, қоғамда жиі жасалады және көптеген тұлғаның құқығы мен мүддесіне шек қояды. Сондай-ақ, адамдардың жеке басына ғана емес, денсаулығына, дербес құқығына, қоғамдық қауіпсіздікке қастандық келтіретін қауіпті қылмыстар да сирек болғанымен, тәжірибеде бар.

Меншікке қарсы қылмыстың ең көп таралғаны – ұрлық пен алаяқтық. Мұның өзі қоғамда азаматтардың әлі де болса қауіпсіздік шараларына жеткілікті деңгейде көңіл бөлмейтінін дәлелдейді. Қылмыскерлер ұрлық жасап, алаяқтықпен табыс табу үшін соны амал, жаңа тәсіл ойлап тауып жатқан жоқ. Олардың басты құралы – адамдардың сенгіштігі. Азаматтар терезе-есікке темір қорғаныш жасауға мән бермейді, бейнебақылау орнатуды артық санайды, құжаттарға селқос қарайды. Ұрылар мұндай сәтті қалт жібермейді. Егер азаматтар әр затын ұқыпты ұстап, құжатқа мұқият қараса, қауіпсіздікке жіті көңіл бөлсе, ұрлық та азайып, ұрыларға да тосқауыл қойылар еді.

Алаяқтарды да есіртіп отырған – сенгіш халық. Қылмыскерлердің алдау механизмі елдің бәріне етене таныс. Оны күнделікті бұқаралық ақпарат құралдарынан да, әлеуметтік желіден де азаматтар көріп, біліп отыр. Тіпті алаяқтықты кәсіп еткен компаниялар тізімі де жарияланып келеді. Бірақ, соған қарамастан бар жиған-тергенін алаяқтардың қолына оңай ұстата салатындар азаймай келеді. Сондықтан, әлі де болса меншікке қарсы қылмыстардың залалын, сақтанудың жолдарын түсіндіріп, халықтың көкірек-көзін ашудан жалықпайымыз керек.

БАЗЫНА

АЛАЯҚТАН АБАЙ БОЛ!

Құқық қорғау органдары республикамызда алаяқтық қылмысының артып отырғанын айтып, үнемі дабыл қағып келеді. Азаматтардың құқықтық сауатын арттыру бағытында жоспарлы жұмыс жүргізілгенімен, әлі де бұл қылмысқа баратындар тоқтамай тұр.

Тек биылғы жылдың қаңтар айында елімізде 3,6 мың алаяқтық тіркелген. Бұл өткен жылғы көрсеткішпен салыстырғанда, 43,8 пайызға көп. Олардың жартысы ғаламтор алаяқтары. Көпшілігі төлем картасын пайдалану, несие рәсімдеу, қарыз алу әдісі арқылы іске асырылған.

Алаяқтық – алдау немесе сенімге кіру арқылы бөтеннің мүлкіне қол сұғу, иә болмаса бөтен мүліктің құқығына ие болу арқылы іске асатын қылмыс болып табылады. Қазақстанда алаяқтық үшін қылмыстық жауапкершілік Қылмыстық кодекстің 190-бабында қарастырылған. Алаяқтық үшін берілетін ең жоғарғы жаза — белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, 10 жылға дейін бас бостандығынан айыру.

Алаяқтар адамдардың жеңіл пайда табу, бір нәрсеге оңай әрі тез қол жеткізу сияқты әдеттерін ескеріп, өз ісіне оңтайлы пайдаланады. Олар негізінен әртістік дарыны бар, өтірікті шындай етіп жеткізетін айлакерлігі басым адамдар. Әдетте олар таза әрі әдемі киінеді, асықпай сөйлеп, әзіл-қалжың айтады, адамның көзіне тура қарап, сенім тудыруға барын салады. Ал, ғаламтор арқылы телефонға қоңырау шалу арқылы әрекет ететіндер көбіне өзін құзырлы орган өкілі ретінде таныстырып, қаржылай немесе қауіпсіздік кеңес көрсететін сыңай танытады.

Алаяқтар ойлануға уақыт қалдырмайды. «Тез шешім қабылда», «бүгін-ертең ақша бермесең, ісің бітпейді» деп, асықтырып, жылдам шешім қабылдатады. Әрине, асыққан адам қателік жасайды. Содан соң, жапа шеккендер «Не болғанын түсінбей қалдым» дегенді жиі айтады.

Алаяқтық қылмыстар туралы бұқаралық ақпарат құралдары арқылы қанша айтылып, жазылып жүрсе де, қарапайым адамдар жылтыр сөз, жалған жарнамаға сеніп, бармақ тістеп қалуда. Сондықтан, алаяқтан қорғану үшін барлық әрекетті тек заң жүзінде жасау керек, барлық адамға бірдей сене бермеу маңызды. Өз дүниеңізге мұқият әрі сақ болып, әрекеттеріңізге жауапкершілікпен қараңыздар.

Қазір қаржы нарығында түрлі ұсыныс көп. Желілік маркетинг жүйесімен кең таралып жатқан жарнамалар да ел ішінде жетерлік. Жарнамасы көңілге қонымды көрінгенмен, кейін өкіндіретін жақтары шығып жатады. Сол себепті, қаржылай сауаттылық пен қырағылық аса маңызды. Алаяқтықтың алдын алу, оларға заң жүзінде жаза тағайындау жұмысы жүріп жатыр. Бірақ, айласын асырғандар өз қылмысын жасыра да біледі. Ал, сот тек қылмысы дәлелденгендерді заң аясында жазаға тартады. Сол үшін алаяқтардан абай болыңыздар!

Айнұр ҚЫЗЫЛБАЕВА,
Ақтау қалалық сотының судьясы

БАҒДАР

СОТТЫ ҚҰРМЕТТЕМЕУДІҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ҚАНДАЙ?

Ел Конституциясының 75, 76-бабында көзделгендей Қазақстан Республикасында сот төрелігін тек сот қана жүзеге асырады.

Сот іс бойынша заңды негізделген шешім шығару үшін заң талаптарының сақталуына кепілдік беретін мемлекеттік орган болып табылады. Азаматтық процестік кодексінің 188-бабымен сот процесі кезінде тәртіпті бұзған адамға төрағалық етуші соттың атынан ескерту жасайды. Тәртіп қайтадан бұзылса іске қатысушы адам сот залынан шығарылады. Сотқа құрмет көрсетпеу фактісі анықталған жағдайда сот кінәліге әкімшілік жаза қолдануға құқылы. Процеске қатысушылардың және өзге де адамдардың қатысуынсыз соттың істі одан әрі қарауы мүмкін болмайтын жағдайларда, олардың шақыру қағазы, хабарлау, хабардар ету немесе шақыру бойынша сотқа дәлелді себептерсіз келмеуінен, сот отырысында төрағалық етушінің өкіміне бағынбаудан, сотта белгіленген қағидаларды бұзудан көрінген әрекеттер – сотты құрметтемеушілік.

Әрбір азамат сот процесіне қатыса отырып, сотқа ғана емес сот отырысының басқа да қатысушыларына құрмет көрсетуге тиіс. Сондай-ақ сотты құрметтемеудің кез-келген көрінісі жалпы мемлекеттік билікті құрметтемеумен тең екендігін түсінген абзал. Сондықтан, азаматтар сот жұмысына үлкен жауапкершілікпен қарап, қоғам мен сот алдындағы өз міндетін терең сезінуі керек. Ал сотты және судьяны құрметтемеу әрекеті ескерту жасауға не 20 АЕК мөлшерінде айыппұл салуға не бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға әкеп соғады.

Е.ХОЖАЛЕПЕСОВ,
Жаңаөзен қалалық сотының аға сот приставы

ЖЕГІҚҰРТ

Сыбайлас жемқорлықпен күрес барлық елдің басты мәселесі. Өркениетке ұмтылған мемлекеттің қай-қайсысы болмасын сыбайластықты жойып, жемқорлыққа қарсы тұрудың өзіндік механизмін қолға алған.

КҮШ БІРЛІКТЕ

Мәселен Қытай жемқорларды қатаң жазалау арқылы жемқорлыққа тосқауыл қоюымен есте сақталса, Сингапур мемлекеттік қызметті ашық, қолжетімді етуімен сыбайластыққа жол бермей отыр. Ал Нидерланды, Швеция сияқты жемқорлық деректері айтарлықтай жойылған елдерде азаматтық қоғамның белсенділігі мықты. Осыдан түсінгеніміздей дамыған, саяси институттар қалыптасқан мемлекеттерде жемқорлықтың деңгейі төмен болады. Өйткені құқықтық сауатын көтеруге терең мән беріп, мемлекеттің дамуына салғырт қарамайтын мұндай елдерде мемлекеттік органдардың қызметі толықтай тәуелсіз азаматтық қоғамның бақылауында тұрады. Қоғам жіті қадағалап, қалт еткен теріс қадамын әшкерелеп, ортақ қазаннан шыққан әрбір ақшаның есебін біліп отырған соң билікте отырғандар да аяғын аңдап басады.

Жемқорлықтан жоғары тұратын тәуелсіз мемлекет құрғымыз келсе, өркениетті елдердің тәжірибесіне сүйенген жөн. Ал жауаптылықты көтеру арқылы, ауыр жаза тағайындау арқылы сыбайластықты жоюдың мүмкін еместігіне Қытай тәжірибесі нақты дәлел.

Бұдан бөлек азаматтардың санасын өзгерту, құқықтық сауатын көтеру де маңызды. Өйткені, азаматтар құқықтық сауатының кемдігінен құзырлы орган қызметкерлеріне пара ұсынады. Тіпті, қазіргідей барлық мемлекеттік қызмет электрондық форматқа көшірілген кезде де таныс іздеп жүретін жандар баршылық. Ендеше, жемқорлықты жоюдың келесі сатысы – құқықтық мәдениетті көтерумен, өз мүддеңді өз бетіңше қорғай алатындай қабілетіңді арттырумен тікелей байланысты. Сондықтан білгеніміздi үйретейік, елімізді бірге гүлдендіру үшін жемқорлықпен бірігіп күресейік! Күш бірлікте!

Мейіржан ТАНКИБАЕВ,
Алматы қаласы Әділет департаменті «Мүліктік емес сипаттағы талаптарды орындау бойынша аумақтық бөлімінің» сот орындаушысы

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ТАРИХҚА ТАҒЗЫМ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Ол Қазақстанды кеңестік өзгерістерден тыс қалған деп есептеп, бірден «Кіші Қазан» төңкерісін бастады. Ол төңкеріс ұлт зиялыларын жаппай құғындалаудан, өзіне қарсы шыққандарды жоюдан тұрды. Алаш қозғалысына қатысқан қайраткерлерге «буржуазияшыл-ұлтшыл» деген айып тағылды. Олар әртүрлі мерзімге түрмеге қамалды, ату жазасына кесілді, еріксіз жер аударылды. Осы кезеңдер мәліметіне сүйенсек, Қазақстанда 103 мыңнан астам адам құғын-сүргінге ұшырап, 25 мыңнан астамы ату жазасына кесілген. Арасында қазақ зиялылары: ғалымдар, мәдениет және саясат қайраткерлері болған. «Сөздің ұлысы–тарих» – дейді сол құғын-сүргіннің түрлі кезеңдерін басынан өткеріп, сол жолда өмірін қиған ағартушы ғалым Ахмет Байтұрсынұлы. Тарихты танып білу арқылы ғана жас толқын аға буынның жасампаз істерін жалғайды. Ата-бабасын құғын-сүргінге, аштық пен ұлы қырғынға ұшыратқан қаралы күндер тарихын парақтау арқылы ғана келешек ұрпақтың өткенге құрметі артады, ұлт тұтастығының қадірін біледі, ғасырлар сабақтастығын мағыналы істермен өрбітуге ұмтылады.

«Өзінің тарихын жоғалтқан жұрт, өзінің тарихын ұмытқан ел – қайда жүріп, қайда тұрғандығын, не істеп не қойғандығын білмейді, келешекте басына қандай күн туатынына көзі жетпейді. Бір халық өзінің тарихын білмесе, бір ел өзінің тарихын жоғалтса, оның артынша өзі де жоғалуға ыңғайлы болып тұрады» – дейді тағы бір алаш көсемдерінің бірі Әлихан Бөкейхан. Ендеше, бүгінгі ұрпаққа ұлт ретінде жоғалмауға қам қылмақ – уәжіп, парыз, абыройлы міндет. Әрбір саналы азамат үшін ұлт тарихындағы кез келген кезең құнды, ата-бабасына қатысты әрбір ақтаңдақ беттер аяулы. Сан түрлі зұлматты бастан кешірген қазақ халқы жайлы өткен күн естеліктерінің ұрпаққа айтары көп, дерегі тың. Ендеше, өткенді таразылау, бабалардың елі үшін, жері үшін жанын құрбан еткен көзсіз ерліктерін дәріптеу – бейбіт заман ұрпақтары алдындағы абыройлы міндет.

Жадыра ҚҰДАЙБЕРГЕН

АЙМАҚ

ҚАРЖЫ ПИРАМИДАСЫН ҚҰРУШЫЛАРМЕН КҮРЕС КҮШЕЙДІ

Қаржы пирамидасына алданушылар саны Алматы облысында да азаймай тұр. Мысалы, бір ғана «Чиа Тай» атты қаржы пирамидасына онлайн арқылы республика бойынша 10 мыңнан астам адам ақша салып жіберіп алданған. Алматы облысының ондаған тұрғыны қолындағы 10, 15 миллион теңгесін салып, жер сипап қалған. Тіпті олардың арасында 35 миллион теңгесінен айырылғандар да бар.

ҚР Қаржы мониторингі агенттігінің деректеріне жүгінсек жыл басынан бері елдің қалтасын қаққан қаржы пирамидасының белгілері бар 22 ұйым анықталып, «Киберқадағалау» жүйесінде 4 мыңға жуық сайт пен аккаунт бұғатталған.Ал ҚР ҚК-нің 217-бабында қаржылық (инвестициялық) пирамиданы құрғаны үшін үш жылға дейінгі мерзімге қылмыстық жауапкершілікке тарту көзделген. ҚР ӘҚТК-нің 150-бабында қаржылық (инвестициялық) пирамида қызметінің жарнамасын шығарғаны, таратқаны және орналастырғаны үшін әкімшілік жазаға тартылатыны анық айтылып, 150 АЕК-тен 600 АЕК-ке дейінгі мөлшерде айыппұл салынатыны туралы жазылған.

Алматы облысы құқық қорғаушыларының мәлімдеуінше, алаяқтықтың көп бөлігі қаржы пирамидаларымен байланысты. Полицейлердің айтуынша, интернеттік алаяқтық пен қаржы пирамидаларының құрбанына айналғандардың ұзын саны шамамен 4,5 мың адамға жеткен.

«Бір қаржы ұйымына қатысты қылмыстық істі тергеу аясында, бірнеше жәбірленушінің арызы негізінде тіркелген істердің көп бөлігі бір өндіріске біріктіріледі. Мысалы, Mudarabah Capital-ға қатысты қылмыстық істің – 179 эпизоды, «Оскар Медикал» бойынша 298 эпизоды біріктірілді, ал «Qi Trade» бойынша 4 мыңнан астам жәбірленуші бар.

Алматы облысы «Киберқадағалау» ақпараттық жүйесі арқылы заңсыз сайттарды анықтау үшін интернет кеңістігіне мониторинг жүргізу барысында елде 800-ден астам ресурс бұғатталған немесе олардың жұмысы шектелген.

Құзырлы орындардың алдын ала сақтандыру шараларының жүйелі жүргізіліп, заңды тұрғыда ескертулер жасалып отырғанына қарамастан, әлі күнге дейін маңдай терін төгіп тірлік еткісі келмейтіндер көп. Интернетті ашып қалсаң күніне 200-300 мың теңге тапқың келе ме, айына миллион ақша табуды үйретемін деген секілді батпан құйрық жарнамалардан көз сүрінеді.

Қаржы пирамидаларының алаяқтық әрекеттері шектен шыққаны сонша, мәселеге ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың өзі араласып, былтырғы жолдауында құзырлы орындарға интернеттегі алаяқтық пен қаржы пирамидаларына қарсы шаралар кешенін әзірлеуді тапсырған. Осыған байланысты Қазақстанда қаржы пирамидаларының қызметі заңсыз деп танылып, оларға түбегейлі тыйым салынған. Бұл ретте Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі аталған бағыт бойынша жүйелі жұмыс жүргізіп, азаматтарға алдын ала қанша ескертулер жасап жатса да, қулардың құрығына іліккендер қатары азаяр емес. Бұл мәселе еліміздің қай түкпіріне барсаң да алдыңнан шығатыны ақиқат.

Мәселен, елдің ішін алатайтай бүлдіріп, ел аман, жұрт тыныштамыңдаған адамды сазға отырғызып, далада қалдырған«Q-net» секілді атышулы компанияларға алданғандар аз емес. Олардың ісі талай адамның түбіне жетіп, ісі сотқа түсіп жатса да әлі күнге дейін аяғын тыйған жоқ. Оларға алданып кері қайтар жол таппай тығырыққа тіреліп, есі бары кеш болса да құқық қорғау орындарына жүгінсе, санаға түскен салмақ пен тұрмыс тауқыметін тартып кеткендер арасында теріс жолға түсіп, тіпті суицид жасап жатқандары туралы ашық ақпарат көздерінде де айтылып жатыр. fingramota.kz сайты мынадай дерек келтіреді: «2023 жылғы 22 мамырда ҚР Қаржы мониторингі агенттігінің интернет-ресурсында қаржы пирамидалары ретінде қызметке күдікті, сондай-ақ олар бойынша сот үкімдері шығарылған ұйымдардың кеңейтілген тізбесі жарияланды. Бұдан былай өз қаражатын инвестициялағысы келетін әрбір азамат компанияның сенімділігін аталған тізімде тексере алады. Агенттіктің қаржы ұйымдарының әдіснамасы және пруденциялық реттеу департаментінің директоры Дәурен Сәлімбаевтың айтуынша, қаржы пирамидалары мен алаяқтыққа қарсы шараларды әзірлеу үшін ведомствоаралық жұмыс тобы құрылған. Оның құрамында Бас прокуратураның, Ұлттық банктің, Ішкі істер министрлігінің, Қаржылық мониторинг агенттігінің, сондай-ақ Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің өкілдері бар.

– Жуырда жұмыс тобы жосықсыз іс-қимыл практикасының 39 өлшемшартынан тұратын қаржы пирамидалары белгілерінің тізбесін бекітті. Бұл белгілер қандай? Бірінші белгі – нарықтық көрсеткіштерден әлдеқайда асып түсетін жоғары кірістілікке уәде ету. Екінші белгі – бизнесті қатысушының кірісі жаңадан қосылған адамдардың салымы есебінен қалыптасатын желілік маркетинг қағидаттарымен ұйымдастыру. Үшінші белгі – компанияда кірістің, сондай-ақ қажетті лицензиялар мен рұқсаттардың болмауы. Төртінші белгі – жобалардың атауына белгілі жария компаниялардың, брендтердің атауына ұқсас сөз тіркестерін немесе нышандарын пайдалану, – дейді Д.Сәлімбаев.

Мұнымен қоса қаржы пирамидаларының белгілері бар ұйымдардың тізімін жариялау алгоритмі келісілген. Тізім үнемі жаңартылып отырады. Ол жеке және заңды тұлғалардың шағымдары мен өтініштерінің, сондай-ақ құқық қорғау органдары тарапынан түскен сұраулардың негізінде қалыптастырылады» делінген. Бірақ табан астында байып кеткісі келіп санасы уланып, көзі байланған адамдардың мұндайға мән беріп жатпайтыны өкінішті.

Алаяқтықтың құрбаны болмау үшін бейтаныс адамдарға дербес деректер мен жеке басты куәландыратын құжаттар, банк карталары мен жеке есепшоттар туралы деректерді бермеу керек. Ал әлеуметтік желі арқылы қандай да бір қызмет немесе зат алғанда алдын ала ақша аударудың қажеті жоқ. Бәрін айт та бірін айт, «Сақтықта қорлық жоқ» екенін білетін әр адамның санасы сау, көзі ашық болуы керек.

Жанбота СҰЛТАНМҰРАТҚЫЗЫ,
АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ,
ТАЛҒАР ҚАЛАСЫ

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ

Тұрмыстық мәселеден тұрғындардың жанайқайына айналған қоқыс полигонына қатысты жайт сол маңдағы тұрғындарды ғана емес, облыстық, аудандық мәслихаттың депутаттарын да мезі еткен. Өкінішке қарай, тараптар арасындағы бітпес дауға айналған полигон мәселесіне әлі күнге дейін нүкте қойылмай келеді.

ТҰРҒЫНДАР ҚҰҚЫҒЫНА ҚОЛ СҰҒЫЛМАСЫН

Осыдан біраз бұрын Кеңдала ауылдық округіне қарасты Ақтас ауылының іргесінде орналасқан «Жан-Ару» ЖК-ге тиесілі заңсыз қоқыс полигонына аудандық мәслихаттың депутаты Ержан Игібаев, Александра Даурбаева және Алматы облыстық мәслихатының депутаты Айдар Саматұлы барды. Мәселенің мән-жайын айтқан депутаттар мен экологтардың сөзіне сүйенсек, қоқысты қабылдар алдында оларды төгетін орындарға арнайы сүзгішті төсеніш төселуі керек. Бұл полигондағы тұрмыстық қалдықтардың ыдырауынан пайда болатын органикалық және химиялық сұйықтықтардың жер асты ресурстарына, оның ішінде суларға қосылуынан сақтайды. Бірақ «Жан-Ару» қоқыс полигонында мұндай төсеніш тұрмақ, айналасында арнайы қоршау да жоқ.

Бастапқыда бар болғаны 30 сотық жерге қоқыс өңдейтін зауыт саламын деген полигон иесі Бақтығали Айжігітов ол жерді тек тұрмыстық қалдықтарды қабылдайтын ақылы қоқыс полигонына айналдырған. Талғар ауданы әкімшілігінің мәліметінше, санитарлық талаптар мүлде сақталмайтын бұл жердің қазіргі аумағы 2 гектарға жеткен. Желмен тарайтын сасық иісі өз алдына, жан-жаққа ұшып жатқан полимер, қағаз қалдықтары оған жақын жердегі Ақтас, Ават, Бәйтерек ауылдарының да ығырын шығарып болған. Өйткені, сасық иісі мен қоқысынан бөлек, ол жерді мекендеген қаңғыбас ит те көбейген. Ең сорақысы сол, аталған қоқыс полигонынан таяқ тастам жерде ғана мектеп тұр. Осыған байланысты аталған ауыл тұрғындарының тарапынан құзырлы орындарға талай шағым да түскен. Неге екені белгісіз олардың шағымдары мен талаптары әлі күнге дейін ескерілмей келеді.

Ашылған уақытынан бері осымен 6 рет өртенген заңсыз қоқыс полигоны халықты ашындырды. Оқиға орнына (түнгі сағат 22.40 шамасында 05.05.2023 ж.) аудандық әкімшілік өкілдерімен қатар біз де жеттік. Түнгі уақытта болған төтенше жағдай кезінде 1 ғана өрт сөндіруші техника мен 3 өрт сөндіруші жұмыс істеді. Сол мезетте оқиға орнында аудандық мәслихаттың депутаттары Ержан Игібаев пен Александра Даурбаева және аудан әкімі Таңат Есенкелдіұлы мен әкім орынбасары Оразхан Қаспақбаев та болды. Мәселеге қатысты түсініктеме беруін сұрадық. Бірақ әкімдік қызметкерлері аудандық баспасөз хатшысы бар екенін айтып, бас тартты. Ал Талғар ауданы әкімінің баспасөз қызметі бізге мынадай ақпарат берді:

«05.05.2023 жылы сағат 20.44 минутта «101» пультіне Талғар ауданында, Кеңдала ауылдық округіне қарасты Ақтас ауылының қасындағы «Жан-Ару» ЖК жабық қоқыс полигонының аумағында қатты тұрмыстық қалдықтардың өртенуі туралы хабарлама түсті. Аталған қоқыс полигонында бұрында бірнеше рет орын алған өрт салдарынан айналаға улы түтін тарап, экологияға айтарлықтай зиян келген. Осыған байланысты Кеңдала, Ақтас, Ават және Бәйтерек тұрғындарынан көптеген шағымдар түсуде. Полигонның жалпы ауданы шамамен 2 га, қоқыс тереңдігі 30 метрге дейін. Алматы облысы сотының шешімі бойынша қоқыс полигонының қызметі тоқтатылған. Бүгінгі таңда 05.05.2023 ж. бастап аудан әкімі Т. Айдарбеков бастаған Талғар ауданы әкімінің аппараты қоқыс полигонының аумағында өртті жою бойынша жұмыстар жүргізуде. 20 техника жұмылдырылды. 6 мамыр күні Алматы облысы Талғар ауданы Кеңдала ауылдық округіне қарасты Ақтас ауылының аумағында орналасқан «Жан-Ару» тұрмыстық қатты қалдықтарды қабылдайтын заңсыз қоқыс полигонында болған өрт 1500 шаршы метр аумақты қамтыды. «Жан-Ару» жеке кәсіпкерлігіне тиесілі қоқыс полигонының иесі – Б.Айжігітов. Полигонның жалпы аумағы – 2 гектар. Өрт болған аумақты топырақпен көму жұмыстары жүргізіліп жатыр. Қазіргі уақытта 125 тонна топырақ төгілді».

Ал өзіне тиесілі аумақта өрт болып, төтенше жағдай туындағанын біле тұра асықпаған Бақтығали Айжігітов: «Осы полигонға 30 сотық жер берілген бірінші күннен бастап, осыған қосымша жер сұрап жүрмін. Мына тұрған қоқыс – ол 40 сотықта жатыр. Сол 40 сотықты басқа жерге көшіруге 2 жылдан бері жер сұрап жүрмін. Маған жер бермей, осындай жағдайға жеткізді. Мұны жаңа әкім Т. Айдарбековке де кіріп айтқам. Сәуірдің басында аудан әкімінің атына, аудандық прокурорға, одан соң 3-4 күннен кейін облыс прокурорларына хат жазғам. Ешқандай жауап жоқ», – деді (жауап өзгеріссіз берілді. (автор).

Ал Талғар аудандық мәслихат депутаты Ержан Игібаев: «Экологиялық кеңес тарапынан бұл тақырыпты бұған дейін де талай көтергенбіз. Жергілікті құқық қорғау органдары мен кәсіпкердің өзіне және оның құқын қорғаушыларға алдын ала бірнеше рет ескерткенімізге қарамастан, аталған полигонда тағы да өрт болып тұр. Өрт сөндіру қызметкерлерінің айтуынша, қазірдің өзінде тереңдігі 30 метр, жалпы аумағы 300 ш.м.-ге жуық жер жанып кеткен. Яғни, бұл – өрттің өздігінен тұтану мүмкіндігі жоғары деген сөз. Мұны өшіруге судың қауқары жетпейді. 2019 жылы болған алапат өртте мамандар мұнда шамамен «HOWO» жүк көлігімен 140-тай машина топырақ төгіп, әрең өшірген. Көріп тұрғандарыңыздай, оқиға орнында иесі жоқ. Оған арнайы мақсатта берілген 30 сотық жерді 1 гектардан артық заңсыз қоқыс полигонына айналдырып жіберген. Қазір мына өртті өшіруге өрт сөндірушілер де қауқарсыз. Өйткені бұл аумаққа кіру мен жақындаудың өзі қауіпті. Ол астынан жанып жатқандықтан, қай жерінен жалын лап ете қалатыны белгісіз», – деп өрттің қаншалықты қауіпті екенін ескертті.

Кеңдала ауылдық округінің әкімі Алмас Нұрдәулетұлы жоғарыда айтылған мәліметтерді растай отырып: «2020 жылғы өрттің кезінде БАКАД 300 машина топырақ берді. 150-ін тасып осында төгіп, өртті тұншықтырып тоқтаттық. Қалғанын тасуға бізде мүмкіндік болмады. Дәл бүгін бұл жер өртенеді деп ешкім қаражат дайындап отырған жоқ қой. Сондықтан мұны өшіруге қанша шығын кететіні де әлі белгісіз. Өрт жылдағыдан 10-15 күнге ерте басталып тұр. Өрттің шығу себептері де белгісіз. Аудан әкімі мердігерлер мен демеушілерден көмек сұрап, келісім жасап жатыр. Мұндай жағдайда иесі жүгіру керек. Не істейік, қандай көмек көрсетесіздер деп. Мына жерден қаншама пайда тапты?! Көріп тұрғандарыңыздай ол ештеңе істемейді. Ал оның кесірінен жылда орын алатын өрттің салдарымен біз алысамыз...», – деп көк түтіні будақтап, қызыл жалынға оранған аумақтың мәселесі жуық арада шешіле қоймайтынын аңғартты.

Жанбота СҰЛТАНМҰРАТҚЫЗЫ

КӨКЕЙКЕСТІ

ОТБАСЫНЫҢ СӘНІ - СЫЙЛАСТЫҚ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Оның негізгісі – баланы өмірге әкелу ғана емес, оған әлеуметтік-мәдени ортаның құндылығын қабылдату, аға ұрпақтың тәрбиесін жас ұрпаққа жеткізу, бойына сіңіру, яғни, балаларын қоршаған ортаға және қоғамға пайдалы азамат етіп өсіру – әке-шешенің міндеті. Ата-ананың, басқа да отбасы мүшелерінің өмір сүру тәжірибесі, жүріс-тұрысы, өз міндетін таза атқару, бір-бірін құрметтеп сыйлауы – бәрі де үлкен мектеп, тәрбиелік мәселе. Қазақ халқының отбасы тәрбиесінің құлдырауы қоғамда бірқатар керітартпа әрекеттің пайда болуына түрткі болды.

Отбасы мүшелері түймедейді түйедей қылып көрсетуден аулақ болуы керек. Үнемі біреудің жаман жағын көріп, жақсы жағын елемейтін адам көп қателеседі. Негізі келіспеушіліктен қорқудың қажеті шамалы. Ең жаман дүние – бұрыс қарым-қатынас. Болмашы нәрсе үшін кейде түсініспеушілік туындап жатады. Бұл жерде бәрінен бұрын түсініспеушіліктің тууына басты себеп не, соны анықтап алған жөн. Орын алған келіспеушіліктің негізгі себебін білмей жатып, тұжырым жасаған дұрыс емес. Екі жақты тартысқа түрткі болған жайтты анықтаған соң, оның шешімін бірге қарастырып, бір-бірін тыңдай білген отбасы жағдайды қиындатпай, дер кезінде шешімін тауып отырады. Қандай жағдай болса да, ерлі-зайыптылардың бір-біріне деген ішкі сезімі өзгеріссіз қалғаны бек дұрыс. Ері ашуланған сәтте әйел кісі сабыр сақтай білсе, немесе әйел ашуланғанда ер адам өз-өзін ұстай білсе, мұндай келіспеушіліктің соңы татулықпен аяқталары сөзсіз. Шектен шыққан қатаңдық алға қойған мақсаттарды құрдымға жіберетінін ұмытпау қажет.

Бір-бірін мұқият тыңдай білу де отбасындағы берекені сақтауға көп септігін тигізеді. Мұқият тыңдау ақылды шешімге келуге ықпал етеді. Қандай мәселе болмасын, жеңіп шығу мақсат емес. Мақсат – орын алған түсініспеушіліктің одан ары асқынуына жол бермеу. Жұбайын сөзбен жеңіп, жылатқан еркек өзінің жан дүниесіне бір қарап, назар салып қойғаны дұрыс…

Л.АУЕЛБЕКОВА,
Абай аудандық сотының судьясы

Отбасы – сыйластық, жарастық орнаған орта. Отбасының әрбір мүшесі өзара сыйластықты сақтауға тиіс. Сонда бірлік, татулық, ынтымақ болады. «Әке – асқар тау, ана – аққан бұлақ, бала – жағасындағы құрақ» дейді қазақ халқы.

ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ

ПІКІР

БАЛА – БОЛАШАҒЫМЫЗ

Адам құқығы бала құқығынан бастау алады. Ата-ана баласының дұрыс өсіп жетілуі үшін жағдай жасап, оның орта, жоғары білім алуына ықпал етіп, қоғамнан өз орнын табуы үшін өз өмірін сарп етеді.

Адам тәуелсіздігі – бас бостандығы және уайым-қайғысыз өмірі. Заңдылық оның кепілі болып табылады. Қылмыстық кодекске сәйкес кәмелетке толмаған баланы ата-анасының немесе осы міндет жүктелген басқа адам, сонымен қатар педагог немесе оқыту, тәрбиелеу, емдеу не кәмелетке толмаған баланы қадағалау міндеттелген басқа да мекеменің қызметкері тәрбиелеу жөніндегі міндеттерін атқармағаны немесе жөнді атқармағандығы үшін заңнамамен шара қолдану көзделген. Ішімдікке салынған, балаларын бағып-қағу міндетін орындамағаны үшін сотпен ата-ана құқығынан айырылған қаншама адам бар. Сонымен қатар, ата-аналар әкімшілік және қылмыстық жауаптылыққа да тартылуда. Балаларға, әсіресе кішкентай балаларға зорлық-зомбылықтың үй, отбасы ішінде көрсетілуі көзге түсе қоймағандықтан, көп жағдайда мойындалмайды.

Адам құқығы баланың құқығын қорғаудан басталады. Кәмелетке толмаған кішкентай балаларға қоғамда, үй және отбасы жағдайында, балабақшада, мектепте зорлық-зомбылықтар көрсету қатаң жазаланады. Бала – біздің болашағымыз, баламызбен мақтануымыз қажет, сондықтан бала құқығы қорғалуы тиіс.

М.МОЛДАНОВ,
Зайсан аудандық сотының аға сот жасауылы
ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

БІЛГЕН ЖӨН

ӘКІМШІЛІК АЙЫППҰЛ: ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ

«Әкімшілік құқық бұзушылықтар және оларды жасаған тұлғалар туралы орталықтандырылған есепке алу» мәліметінің дерегіне сәйкес, «Әкімшілік іс жүргізудің бірыңғай тізілімі» ақпараттық жүйесінде жалпы сомасы 6 млрд 300 млн 168 мың 594 теңгені құрайтын 494 443 әкімшілік айыппұл салынған. Оның ішінде 4 млрд 117 млн 859 мың теңгесі өндірілген. Бұл өндіріп алудың 65%-ын құрайды.

Бас прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті сайтынан сіз өзіңізге қатысты әкімшілік айыппұлдар туралы ақпарат ала аласыз және де нақты уақытында белгіленген тәртібімен оны төлеу мүмкіндігіне ие боласыз. Салынған айыппұлды екі мемлекеттік ресурс арқылы (qamqor.gov.kz. және egov.kz) онлайн режимде көруге және өтеуге болады.

1) Ол үшін qamqor.gov.kz сілтемесіне кіріп, өзіңіздің жеке немесе заңды тұлға ретінде «Электрондық цифрлық қолтаңба» (ЭЦҚ) арқылы авторизацияланғаннан кейін, «Өз айыппұлдарың туралы біл» терезесін таңдап, әрі қарай «Айыппұлдарды іздеу» батырмасын басып керекті «Хаттаманы» жүктеп алуға немесе басып шығаруға мүмкіндік бар. Қағазға басып шығарылған хаттама электронды-сандық қолмен расталған және ресми құжат дәрежесіне ие. Егер көрсетілген айыппұл төленбесе, онда «Төлеу» батырмасын басып, «Электрондық Үкімет» порталының төлем бөлімшесіне өтіп, көрсетілген айыппұлды төлей аласыз.

2) «Электронды Үкімет» порталы арқылы Egov.kz сілтемесіне кіріп, «Көлік және коммуникациялар» бөліміне өтесіз. «Әкімшілік айыппұлдарды және жол қозғалысы ережелерін бұзғаны үшін айыппұлдарды іздеу және төлеу» қызметін таңдап, аталған қызмет түріне өту арқылы «Әкімшілік айыппұлдар» бөлікшесін қолданасыз. Егер сіздің атыңызда айыппұл бар болса, оны төлеу мүмкіндігі қарастырылған.

Egov.kz-тен айыппұлды көру үшін ЭЦҚ болу қажет. ЭЦҚ-ны авторизациядан өткізу талап етіледі. Осылайша, айыппұл туралы ақпаратты біле аласыз. Бұдан басқа, «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодекстің 811-бабына сәйкес, салынған айыппұлдың мөлшерін 50% жеңілдікпен төлеуге құқылысыз. Ол үшін айыппұлды 7 тәулік ішінде төлеу қажет. Бұдан бөлек, айыппұлды банктер мен онлайн-банкинг ресурсы, электронды үкімет порталы, интернет банктер, терминалдар мен түрлі электронды әмияндар арқылы да төлей аласыз. Алайда, бюджеттік сыныптама кодын (БСК), салық органының кодын (СОК) және төлем мақсатының кодын (ТМК) дұрыс көрсету қажет.

Жеке немесе заңды тұлға салынған айыппұлмен келіспеген жағдайда, «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодекстің 826-2-бабына сәйкес айыппұл салған мемлекеттік органға шағым жасауға құқылы. Шағым жасау аталған мемлекеттік ресурстар арқылы да (qamqor.gov.kz. және egov.kz) қолжетімді. Әкімшілік құқық бұзушылық автоматты режимде жұмыс істейтін сертификатталған арнайы техникалық бақылау-өлшеу құралдарымен және аспаптарымен тіркелген кезде жол жүрісі саласындағы әкімшілік құқық бұзушылық үшін көлік құралының меншік иелері жауапқа тартылады.

Е. ТАҢАТ,
ҚР Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Алматы қаласы бойынша басқармасының бөлім прокуроры

ҮЛГІ

Батыс Қазақстан облысы, Казталов ауданы, Жалпақтал ауылындағы берекелі жанұяда тәрбиеленген 7 баланың кенжесімін. Әкем – Басырбаев Бисенбай өмірінің соңына дейін көлік жүргізуші болып қызмет атқарған. Анам Нұрлықыз – «Алтын алқа» иегері. Есепші болып еңбек етіп, зейнетке шықты.

ӘКЕМНІҢ ҚЫЗМЕТІ ӨМІРІМДІ ӨЗГЕРТТІ

Бала кезімнен әкемді үлгі етіп өскен соң ба, мұғалімдер өскенде кім боласың десе «көлік жүргізуші боламын» – деп жауап беретін едім. Сабақтан шыққан соң әкемнің жұмысына баратынмын, ол кезде әкем аудандық сотта көлік жүргізетін еді. Бірде сабақтан ерте шығып, жұмысына барғанымда, әкемнің «шуламай, дәлізде күт, сот болып жатыр» дегені есімде. Қызығып кетіп сот болып жатқан залдың есігінен сығаласам, судья іс жүргізіп тұр екен. Келбеті, өзін ұстауы қандай! Сол сәттен судья болам деп шештім. Кешке осы ойымды айтқанымда әкем: «ол оңай жұмыс емес. Судья болу көп білімді қажет етеді» деді. Соған қарамастан алдыма үлкен мақсат қойдым. Барымды салып оқыдым. Сөйтіп 2005 жылы Кенжебек Мендалиев атындағы жалпы орта мектепті жақсы тәмамдап шықтым.

Бірақ «Құқықтану» мамандығына тиісті балл жинай алмадым. Содан құжаттарымды жинап, Орал қаласына оқуға тапсыруға шығатын боп шештім. Өзім мектеп жасында жоқшылықтың шетін көрдім. Анам жұмыстан қысқартылған кезде, бақшамызда өскен өнімдерді сатып, табыс табатынбыз. Ақшаның қадірін білетін баламын. Сондықтан құқықтануға бөлінген гранттың аз екенін түсініп, тарих факультетінде оқуға бел байладым. Қалаға кетіп бара жатқанда әкемнің «армандаған мамандығыңа тапсыр, ақшалай болса да оқытамыз» – дегені әлі есімде. Үйдегілердің қаржы беруге шамасы келсе де, қиналғанын қаламадым. Сөйтіп, «тарих пәнінің мұғалімі» мамандығына грантқа тапсырдым. Бір күні грантқа іліккендердің тізімі жарияланды. Алайда, өзімнің тегімді тізімнен көрмегендіктен, құжаттарымды алып, қаланың орталық көшелерінде келе жатсам, бір колледждің алдындағы тақтайшада «Құқықтану» мамандығына құжаттар қабылдайтынын көрдім. Бала кездегі арманның орындаларына қуанып құжаттарымды осында тапсырдым. Сонымен студент атандым. 1-курста оқып жүріп, демалыс күндері жұмыс істеп, ақша таптым. Оқудың ақшасын өзім төлеп, кейде әке-шешеме де көмектесіп тұрдым.

Оқуды бітірген соң, әскерге шақыру келіп, Қапшағай қаласындағы Аэроұтқыр әскерінде 1 жыл әскери парызымды атқарып келдім. Десантшыларды тек кинодан көретін мен сияқты ауылдың азаматына, парашюттан секіріп, десантшы болу үш ұйықтасам да, түсіме енбейтін. Сөйтіп бір міндетімді атқарып келгеннен кейін, ағаларым полицияға тапсыр деп ой тастады. Үйдің кенжесі болғандықтан, ағаларымның айтқанын тыңдап, құжатымды полиция бөліміне тапсыруға құжаттар жинап жүргенімде, газеттің бірінен сотта конкурс болып жатқанын көріп қалдым. Мұны арманға жету мүмкіндігінің бірі деп болжап, мемлекеттік қызметке кіруге арналған тест тапсырдым. Құжаттарымды алып, Батыс Қазақстан облысы Бөрлі аудандық сотына жетекші маман қызметіне құжат тапсырдым. Сөйтіп, әңгімелесуден өтіп, сотқа жұмысқа орналастым. 3 ай өткен соң Орал қаласының №2 сотына жетекші маман боп ауысып келдім.

Осында жүргенде асқар тау әкемнен айырылып қалдым. Әкеңді ешкім де алмастыра алмайды. Көңілге дем беретіні – әкем менің сот құрамында жұмыс істеп жүргенімді көріп кетті. Кейіннен Казталов аудандық №2 сотына аға сот приставы керек екенін естіп, арыз жазып ауыстым. Анама бір емес, екі жақсы жаңалықпен бардым. Оның бірі жұмысты ауыстырғаным болса, екіншісі отау құруым болатын.

Аға сот приставының жұмысы соттағы қауіпсіздікпен өзектес. Осы салада жүргеніме де 5 жылдай уақыт өтіпті. Өмірлік тәжірибе алғанмен, шеберлігімді ұштай түсу керектігін түсіндім. Сөйтіп, Жәнібек аудандық сотының кеңсе меңгерушісі лауазымына конкурс арқылы өтіп, жанұямды алып Жәнібек ауданына ауысып кеттім. Бұл аудан Орал қаласынан 500 шақырым қашықта орналасқанымен, ауыл халқының жылы қабағы маған қатты ұнады. Осы ауданда екі жыл қызмет етіп, 2019 жылдың маусым айында конкурс арқылы облыстық мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының кеңсе меңгерушісі болып тағайындалдым. Ол қызметте 1 жылдың үстінде жұмыс жасап, Батыс Қазақстан облысы бойынша соттар әкімшісінің Талдау және жоспарлау бөліміне ауыстым.

2021 жылы Жоғарғы Сот жанындағы Сот төрелігі Академиясына оқуға түсіп, эмтихандардың барлығын сәтті тапсырып, магистр дәрежесін алдым. Республика бойынша бос судья лауазымына конкурс жарияланғанда додаға қатысып, Орал қаласы №2 сотының судьясы лауазымына тағайындалдым. Қазіргі уақытта бұл мәртебелі қызметті мақтанышпен атқарып келемін. Бүгінде анаммен бірге жолдасым мен 3 балам тату-тәтті өмір кешудеміз. Жоғарыда айтып кеткендей әкемнің қызметі өмірімді өзгертіп жіберді. Осы салада жүргеніме 14 жылдай уақыт өтіпті. ендігі алға қойған мақсатым қызметте адал да абыройлы болу.

Берік БАСЫРБАЕВ,
Орал қаласы №2 сотының судьясы

КЕСЕЛ

СЕНІМГЕ СЕЛКЕУ ТҮСПЕСІН

Жетістіктің кілті – сенімде. Содан болар, білікті жетекші өзінің айналасына қызметіне адал, ісіне мығым, сенуге тұратын адамдарды жинауға тырысады. Бірақ, «Адам аласы ішінде» демекші, қызметкерді түр-тұлғасына, киген киіміне, алған біліміне қарап таңдау мүмкін емес.

Кейде жылдар бойы жаныңда серігің болған, қызмет барысында сыналған сыралғы адамдардың да орта жолда қалдыруы әбден мүмкін. Мұндай қадамға адамдар жеке басының игілігі үшін баратыны түсінікті. Бұл қылмыс үшін Қылмыстық кодекстің 189-бабында жауаптылық белгіленген.

Осыған сәйкес, сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иемденіп алған немесе талан-таражға салған кінәлі адамға берілетін жаза қатаң. Қылмысы дәлелденген жағдайда ҚК-нің 189-бабымен істі болған азаматтардың мүлкі тәркіленіп немесе онсыз, мың АЕК-ке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не 800 сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады. Сенімге қиянат жасаған адам өзінің теріс әрекеті арқылы бүкіл ортасының сыйластығына сына қағады. Сонымен бірге, бұл адам үшін ең құнды саналатын әріптестік, достық қарым-қатынасқа көлеңке түсіреді. «Сенім – басты капитал» деп бағалайтындар тұрғысынан алғанда мұндай қылмысқа барғандар ең қауіпті адам саналады.

Сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иемденіп алу немесе талан-таражға салу қылмысын адамдар тобы алдын ала сөз байласу арқылы жасайтын кездер де аз емес. Сондай-ақ, адам өзінің қызмет бабын пайдалана отырып сеніп тапсырылған мүлікті жымқыруы, талан-таражға салуы мүмкін. Мұндай жағдайда кінәлі тұлғаның мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз, 3000 АЕК-ке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не мың сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не төрт жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ал сеніп тапсырылған мүлікті талан-таражға салу, жымқыру қылмысы ірі мөлшерде жасалса; мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адам не оған теңестірілген адам не лауазымды адам не жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адам жасаса, егер олар өзінің қызмет бабын пайдалануымен ұштасса, сондай-ақ, бірнеше рет жасалса жаза бұрынғыдан да қатаң. Мұндай қылмысты қылмыстық топ жасаған жағдайда, аса ірі мөлшерде жасаған жағдайда кінәлі тұлғалар жеті жылдан он екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айырылуы мүмкін. Осыдан көріп тұрғанымыздай, сенімге қиянат түсірудің де салдары ауыр.

Гаухар ШАЛАБАЕВА,
Алматы қаласы қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының бас маманы

СҰХБАТ

Азизхан ИСМАИЛОВ, *Түркістан облысы Қазығұрт ауданының әкімі:*

«МАҚСАТЫМЫЗ - БЕРЕКЕЛІ ҚОҒАМ ҚАЛЫПТАСТЫРУ»

(Соңы. Басы 1-бетте)

Мемлекет басшысының «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты кезекті жолдауында еліміздің алдағы уақыттағы даму бағыттарының негізгі міндеттері айқындалып, елдің әл-ауқаты мен экономикалық қуатын еселейтін маңызды міндеттер жүктеп отыр. Осы тұрғыда, әділетті мемлекет пен берекелі қоғам, біртұтас ұлт қағидасы негізінде бірлесе жұмыс атқару маңызды.

– Президент жолдауындағы ауқымды мәселелер мен негізгі басымдықтарды орындау барысында ауданда қандай жұмыстар атқарылуда?

– Биыл 26,7 млрд теңгеге 12 жобаны іске асыруды жоспарлап отырмыз. Олардың қатарында Шанақ ауылдық округінде құны 23,8 млрд теңгені құрайтын жалпы қуаттылығы 50 МВт күн электр станциясын салу көзделуде. Қазіргі таңда жер мәселесі толық шешіліп, инвесторлармен меморандум жасалған. Бұдан бөлек, 25 жаңа жұмыс орнымен құны 1,1 млрд теңгені құрайтын мал сою бекетін салу қарастырылуда. Оның жалпы қуаттылығы жылына 10 мың бас ірі қара мал. Сонымен қатар, «Ынтымақ» өндірістік кәсіпорны тарапынан қуаттылығы 1,3 МВт су электр станциясы салынып жатыр. Ол биыл қыркүйек айында пайдалануға беріледі. Былтыр негізгі капиталға бағытталған инвестиция көлемі 23,1 млрд теңгеге, ал ауыл шаруашылығы саласының өнім көлемі 66,7 млрд теңгеге жетті.

– Аудан халқының саны қанша және олар немен айналысады?

– Қазығұрт ауданы бойынша халық саны 116 577 адамға жетіп, аудан аумағы 409,1 мың гектарды құрайды. Аудан құрамына 13 ауыл округі, 62 елді мекен кіреді. Ауданның ұлттық құрамы: қазақтар – 92,3%, өзбектер – 6,6%, орыстар – 0,3% және өзге ұлттар – 0,8% құрайды. Жалпы халықтың 45 641-і экономикалық белсенді, оның ішінде жұмыспен қамтылғаны 43 214, жұмыссыздық деңгейі 5,3%, жастар жұмыссыздығы 4,9% құрады. Ауданның ішкі кіріс көздерінен өткен жылға 4,9 млрд теңге жоспарланса, жыл қорытындысы 5,2 млрд теңгеге орындалып, 104,9%-ды құрады. 2023 жылға жоспар 6,1 млрд теңгеге бекітіліп, I тоқсан қорытындысы 1,5 млрд теңгеге немесе 119,8 пайызға орындалды. Былтырғы аудан бюджеті 25,3 млрд теңге болып қалыптасып, жыл қорытындысымен 25,2 млрд теңгеге немесе 99,8 пайызға игерілді. Оның ішінде 55,6 млн теңге «Жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға арналған гранттарға» электронды түрде өтініш жіберу министрлік тарапынан тоқтатылуына байланысты игерілмеді, 4,6 млн теңге нақты шығындар есебінен үнемделген қаржы. Аудан бюджетінің 2023 жылға жоспары 11,2 млрд теңгеге бекітіліп, 1 сәуірге 1,4 млрд теңгеге немесе 99,9%-ға игерілді. Өнеркәсіп өнім көлемі өткен жылдың қорытындысымен 13,6 млрд теңгеге жетіп, былтырғы жылмен салыстырғанда нақты көлем индексі 102,1%-ға орындалды. 2023 жылға жоспарды 15,4 млрд теңгеге жеткізу межесі қойылып отыр. Биылғы жылдың I тоқсанына 3,3 млрд теңгені құрап, өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 103,9%-ға орындалды. Аудандағы шағын және орта бизнес саласы қарқынды дамуда. Былтыр жалпы 65 үлкен-кішілі жобалар іске асырылған. Бүгінгі таңда, тіркелген шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері саны 13 643 бірлікті құрап, одан жұмыс істеп тұрған субъектілер саны 13 491 бірлікке жетіп, олардың үлесі 98,9%-ды құрады. 2023 жылы 26,7 млрд теңгеге 12 жобаны іске асыру жоспарлануда.

– Биыл қанша инвестиция көлемін игеру жоспарланып отыр?

– 2023 жылғы негізгі капиталға бағытталған инвестиция көлеміне жоспар бойынша 31,5 млрд теңге межесі қойылып отыр. I тоқсанға инвестиция көлемі 1 млрд теңгені құрап, өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 147,3%-ға орындалды. Аудан экономикасының негізгі бағыттарының бірі ауыл шаруашылығы саласы болып табылады.Былтыр ауыл шаруашылығының жалпы өнімінің көлемі 66,7 млрд теңгеге орындалып, алдыңғы жылдың сәйкес кезеңіне 6,9 млрд теңгеге өнім көлемі ұлғайды. Нақты көлем индексі 104,7 пайызды құрады. Биылғы жылғы өнім көлемін 73,4 млрд теңгеге жеткізу межеленіп отыр. I тоқсанға өнім көлемі 8,9 млрд теңгені құрап, өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 155,6%-ға орындалды. Ауыл шаруашылығын дамыту үшін мемлекет тарапынан жан-жақты қолдау көрсетілуде. Осы жылдың көктемгі дала жұмыстарын жүргізу үшін мемлекет тарапынан ауданға төмендетілген бағамен 3 700 тоннадан астам дизель отыны бөлінді. Шарбұлақ ауылы округіндегі сүт бағытындағы жоба басталғалы бері 83 тұлға өз құжаттарын ұсынған, 41 тұлғаның құжаттары сараланып, несие алу үшін «Ырыс МҚҰ» ЖШС-на жолданды. Нәтижесінде 22 тұлғаның құжаты қолдау тапты. Қалған 57 тұлға несие алу үшін бизнес жоспарын әзірлеуде. Ал ет бағытындағы Шанақ ауылындағы жоба басталғалы бері сараланып, 5 тұлғаның құжаты қолдау тапты. Қалған 40 тұлғаның бизнес жоспары әзірленуде. Бүгінгі күнге, ауыл, округтерде несие алуға өтініш білдіріп жатқан тұрғындардың саны жалғасуда. Сонымен қатар, қосымша қаражат берілген жағдайда, жобаны Қақпақ және Қызылқия ауылдық округтерінде іске асыратын боламыз.

– Азизхан Әзімханұлы, тозығы жеткен электр желілерін ауыстыру жұмыстары қалай жүргізілуде?

– Аудандағы 62 елді мекеннің 98,4 пайызы орталықтандырылған электр желісіне қосылған, 1 елді мекен шалғайда орналасуына байланысты дербес электр қондырғыларымен қамтамасыз етілген. Былтыр тозығы жеткен 12 елді мекеннің электр желілері мен бағаналарын жаңартуға 1,1 млрд теңге қаралып, жыл қорытындысымен пайдалануға берілді. 2023 жылы Өндіріс, Жаңажол, Жаңаталап, Қаржан, Алтынтөбе, Аққұм, Қызылата, Майбұлақ, Көкібел, Атбұлақ, Рабат елді мекендерінде қуаты жоғары электрмен қамтамасыз ету стансасының құрылысына 1,3 млрд теңге қаралып, жыл соңына дейін 10 елді мекенге пайдалануға тапсырылса, 1 елді мекен 2024 жылға қалды. Былтыр аудандық және облыстық бюджет есебінен 1,8 млрд теңгеге 111,5 шақырымды құрайтын 28 аудандық маңызы бар және ішкі жолдарға орташа жөндеу жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар, Өндіріс елді мекеніндегі Тастақсай өзені арқылы өтетін көпірдің күрделі жөндеу жұмысына 176,7 млн теңге қаржы қаралып, пайдалануға берілді. Жаңабазар ауылдық округі Ұя өзені арқылы өтетін көпірдің күрделі жөндеу жұмысына 147,8 млн теңге қаржы қаралып, жұмыстар жүргізілуде. 2023 жылдың мамыр айының соңында пайдалануға тапсыру жоспарланған. Аудандық маңызы бар 297,5 шақырым жолдардың жақсы жағдайдағы үлесі 76,3% болса, елді мекендердегі ішкі көшелердің (812,5 шақырым) жақсы жолдарының үлесі 65,9% құрады. 2023 жылы КХ-44 «Жігерген-Көкібел» облыстық маңызы бар автомобиль жолын орташа жөндеуден өткізу үшін 210,0 млн теңге қаржы бөлінген. Нысан 2024 жылға өтеді. Былтырғы жылдан 2023 жылға өтпелі 5 аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын орташа жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін 563,6 млн теңге қаржы бөлінген. Жыл соңына дейін аяқталатын болады. 2023 жылы елді мекендердегі 45 ішкі көшелерді орташа жөндеу жұмыстары үшін 2,3 млрд теңге қаржы бөлінген. Оның ішінде «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында 17 көшеге 702,3 млн теңгеге қаржы қаралған. Аталған көшелердің барлығы жыл соңына дейін ел игілігіне тапсырылатын болады.

– Сұхбатыңызға рақмет!

Раушан НАРБЕК
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

ЛЕБІЗ

ӘДІЛДІК ҮСТЕМДІК ҚҰРДЫ

«Адал Заман» ЖШС заңгерлік компаниясы қызметкерлерінің қамкөңіл жәбірленушілердің мүдделерін қорғаудағы әрекеттері «қанатымен су сепкен қарлығаштай» деп сипаттауға әбден лайық.

Қала іргесіндегі Шәкен Ниязбеков ауылынан еңбек ардагері, зейнеткер, Жамбыл ауданының Құрметті азаматы Қонысбай Жақсылықов хабарласты.

– Тағдырдың жазуы шығар, туабітті психикалық артта қалушылығы бар немерем Айжан Жолдасова 2013 жылдың 26 наурызынан Тараз қаласында II топтағы мүгедек ретінде мемлекеттік тұрғын үй қорынан пәтер алу кезегінде тұрған болатын.

Қандай себеп болғанын қайдам, қыздың денсаулығын тексеруден өткізбестен, бізге ескертпестен, медициналық-әлеуметтік сараптама комиссиясы Айжанға III топтағы мүгедектікті тағайындапты. Осыған сәйкес, яғни сараптама комиссиясы шешімін негізге ала отырып, Тараз қалалық әкімдігінің тұрғын үй жөніндегі комиссиясы Айжан Жолдасованы пәтер алу кезегінен шығарып тастапты.

Онсыз да құдай аямаған Айжанның анасы, яғни менің қызым Жаңақүл Жақсылықова, 2022 жылдың 21 наурызында ауыр науқастан қайтыс болып, Тараз қалалық сотының шешімімен әрекетке қабілетсіз деп табылған немереме Тараз қалалық әкімдігінің қаулысымен мен қорғаншы болып бекітілгенмін. Қамқорлығымдағы немерем Айжан Жолдасованың ешқандай ескертусіз мемлекеттік тұрғын үй қорынан пәтер алу кезегінен шығарылып тасталуы жаралы жаныма қатты батып, әділдік іздеп шарқ ұрдым. «Адал Заман» ЖШС заңгерлік компаниясы қызметкерлерінің кәсіби шеберліктері мен талапшылдықтары арқасында әділдік салтанат құрып, немерем қайтадан бұрынғы пәтер алу кезегіне қойылды. Заң тәртібімен біздің мүддемізді қорғап, әділеттілік туын желбіреткен заң орындарына, әсіресе, «Адал Заман» заңгерлік компаниясы қызметкерлеріне ризашылығым шексіз!

Қонысбай ағаның өтінішінен соң біз көп адамның алғысына бөленіп жүрген азаматтардың жұмысымен танысу мақсатында «Адал Заман» заңгерлік компаниясы» мекемесіне барғанбыз.

– Біз негізінен жәбірленушілердің мүдделерін қорғаймыз, – деді компания заңгерлік бөлімінің басшысы Бахтияр Журабаев. – Біздің көмегімізге жүгінушілер көп. Жылына 100-ден астам әкімшілік істер қолымыздан өтеді. Олардың көпшілігі сот шешімімен, бірқатары біздің тиісті орындарға заң тәртібімен сұрау салуымызбен оң шешімін тауып жатыр. Мамандарымыздың кәсіби біліктіліктеріне барлығы да дән риза. Сол ризашылықтар бізді нәтижелі жұмыс істеуге ынталандыра түсуде.

Бөлім заңгері Жандос Мақсұтұлы жәбірленуші Айжан Жолдасованың ісі жайында былай әңгімелеп берді.

– Иә, жәбірленушінің қорғаншысы Қонысбай Жақсылықовтың арызы бойынша алдымен Айжан Жолдасованы мемлекеттік тұрғын үй қорынан пәтер алу кезегінен шығарып тастаған «Тараз қалалық әкімдігі тұрғын үй қатынастары» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне хабарласқанбыз. Ондағылар оған медициналық-әлеуметтік сараптама комиссиясының III-топтағы мүгедектік тағайындауын негізге алып, заңға сәйкес кезектен шығарылғанын алға тартты.

Біз өз тарапымыздан Тараз қалалық сотының судьясы А.Молдабекованың 2021 жылғы 4 мамырдағы шешімімен №3110-22-00-2/1979 азаматтық іс материалдары бойынша Жолдасова Айжан Болатқызының әрекетке қабілетсіздігін анықтау үшін Жамбыл облысы бойынша сот сараптамасы институтына бардық. Ол жердің амбулаториялық сот-психиатриялық сараптамасына жіберген қатынасына сәйкес сарапшылар комиссиясы А.Жолдасованың ақыл-ес кемістігінен зардап шегетіні, оның өз іс-әрекетінің мәнін түсінбейтіні және өзінің психикалық жағдайына қарай сот талқылауына қатыса алмайтыны жөнінде 2022 жылы 19 мамырда шығарған №372 сараптама қорытындысын, осы қорытынды бойынша 2022 жылдың 9 маусымында іс қараған Тараз қалалық соты (судья М.К. Исаева) А.Жолдасованы әрекетке қабілетсіз деп тану туралы шешім шығарған. Оны қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі міндеттерді жүзеге асыруға тиісті органға қорғаншы тағайындау үшін жібергені, осыған сәйкес А.Жолдасоваға Тараз қалалық әкімдігінің қаулысымен атасы Жақсылықов Қонысбайдың қорғаншы болып тағайындалғаны туралы құжаттарды және 2022 жылдың 25 шілдесінде медициналық-әлеуметтік сараптаманың №25072022040844 актісімен А.Жолдасованың туабітті II-топтағы мүгедектігі қалпына келтірілгені және оның 2027 жылдың 25 шілдесіне дейін белгіленгені туралы анықтаманы негізге алып туабітті II топтағы мүгедек Жолдасова Айжан Болатқызының мемлекеттік тұрғын үй қорынан пәтер алу кезегін қалпына келтіруді сұрап сотқа талап-арыз түсірген болатынбыз.

Сонымен, 2023 жылдың 4 сәуірінде осы іс бойынша судья Е.Романенконың төрағалық етуімен Жамбыл облыстық мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының отырысы болды. Онда жауапкер өкілдері А.Жолдасованың бұрынғы пәтер алу кезегіне қайта тұру құқығын жоққа шығара алған жоқ. Сот құрамы талапкер Қ.Жақсылықовтың дауласуын дұрыс деп тауып, оның арызын ішінара қанағаттандыруға шешім шығарды. Мен талапкердің сенім білдірген өкілі ретінде әділдіктің салтанат құруына қол жеткіздім. Бұл – заңның жеңісі. Сот шешіміне мемлекеттік айыптаушы прокурордың тарапынан наразылық болмағаны осыған дәлел.

Сот отырысына талапкердің өкілі ретінде қатысқан компания қызметкері Жандос Нұрпейісовтің бұл әңгімесінен кейбір жағдайда жауапсыздық салдарынан бейкүнә адамдардың әуре-сарсаңға түсетіні аңғарылып тұр. Әсіресе, ондай әділетсіздіктен адамдардың осал топтары зардап шегіп жатқаны қандай өкінішті! Олардың әділетсіздік құрбаны болуы өз алдына, денсаулықтарына да нұқсан келетіні тағы бар.

Осы ретте адамдардың конституциялық құқықтарын қорғап, әділдіктің салтанат құруы үшін кәсіби біліктілікпен қызмет атқарып жатқан «Адал Заман» заңгерлік компаниясының жұмысына ризашылық білдіріп, «адамдар алғысына бөлене беріңіздер!» дегіміз келеді.

Айтпақшы, қамкөңіл адамның көңіліне қаяу салған осы бір оқиға қайдан басталып еді? Ә, медициналық-әлеуметтік сараптама комиссиясының А.Жолдасоваға III топтағы мүгедек санатын белгілеуінен шыққан екен ғой. Әрине, комиссия бір дәйектерді негізге алғаны анық. Оған дауымыз жоқ.

Дегенмен, туабітті II топтағы мүгедек Айжан Жолдасоваға 2020 жылдың 31 наурызынан 2022 жылдың 31 наурызына дейінгі мерзімге III топтағы мүгедектік санаты ұйғарылуы түсініксіз.

Аталған осы істе заң сөйледі. Ақ сөйледі және нақ сөйледі.

Болат ЖАППАРҰЛЫ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.

ПІКІР

ҚР Конституциясының 18-бабы әркімнің жеке өміріне қол сұғылмауына, өзінің және отбасы құпиясының сақталуына, ар-намысы мен абыройының қорғалуына кепілдік береді. Соған сәйкес, біздің республикамызда қылмыстық әлеммен, оның ішінде әкімшілік құқықбұзушылық жасаушылармен күреске айрықша назар аударылған.

ӘЛІМЖЕТТІКТІ АҚТАУҒА БОЛМАЙДЫ

Қазіргі уақытта күнделікті тіркеліп жатқан әкімшілік құқық бұзушылықтардың сан алуан түрі бар, оның ішінде отбасына қатысты тұрмыстық қатынастарға байланысты әкімшілік құқық бұзушылықтар азаймай отыр. Бұл тек сот билігі мен құқық қорғау органдарын ғана емес, әрбір саналы азаматты ойландырмай қоймайды. Осыған сәйкес, заңдылықтың бұзылғанына, құқық бұзушының ортаға, қоғамға қарсы жасаған әрбір заңсыз әрекетіне көз-жұма қарауға болмайды.

Ел өміріндегі өзекті мәселелердің бірі – отбасындағы зорлық-зомбылық. Әр азамат өз отбасын құрған кезде оның тыныштығы мен берекесіне, ата-анасына, жұбайына, бала-шағасына құрметпен қарап, оларды қорғауға кепіл болуы қажет. Алайда, кейбір отбасындағы ер азаматтар ішімдік ішіп, жанұяның тыныштығын бұзуда. Жұбайы мен балаларына әлімжеттік жасап, былапыт сөздер айтып, қорлап, кемсітеді, үй тұрмысындағы заттарын бүлдіреді. Көп жағдайда жанұя мүшелері осындай оқиғалар орын алған кезде құқық қорғау органдарына хабарласпай отбасылық зорлық-зомбылыққа төзіп жүре береді.

Сондықтан құқық бұзушы мен жәбірленуші арасындағы зорлық-зомбылықты сипатына қарай жіктеу қажет. Бұл критерий күнделікті өмірдегі зорлық-зомбылық әрекеттерін келесі топтарға бөлуге мүмкіндік береді: Балаларға қатысты зорлық-зомбылық; Бір жұбайдың (бірге тұратын адамның, серіктестің) екіншісіне қатысты зорлық-зомбылық; Балалары мен немерелері тарапынан қарт туыстарына қатысты зорлық-зомбылық; Отбасындағы үлкендердің кішілерге қатысты зорлық-зомбылық; Бірге тұратын немесе тұрған адамдар арасындағы зорлық-зомбылық.

Осы заң нормаларымен әдепке қайшы іс-әрекеттері үшін құқық бұзушы азаматтар Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 73-бабымен 10 тәулікке дейін әкімшілік қамаққа алу жазасына тартылуы мүмкін екенін білуі, ал жәбір шегушілер құқық қорғау органдарына оқиғаны тез арада хабарлауы қажет екенін түсінуі тиіс. Егер азамат қол жұмсап орта немесе ауыр дәрежеде денсаулыққа зиян келтірсе, ол Қылмыстық кодекстің нормаларына сай жауапкершілікке тартылады. Осыған орай, отбасының әрбір мүшесі өзінің үй ішінде болып жатқан зорлық-зомбылық жайында құқық қорғау органдарына дер кезінде хабарлап, құқықбұзушыға заңды шара қолданса, мұндай жағдайлардың алдын алар еді.

Зорлық-зомбылық адамдардың басқа адамдарға үстемдік етуге деген ұмтылысына, сондай-ақ, өмірлік ресурстар үшін, билік үшін күреске негізделген. Зорлық-зомбылықтың салдары физикалық және психикалық жарақаттар болуы мүмкін.

Жоғарыда көрсетілген бап бойынша әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер қазіргі таңда аудандық және мамандандырылған әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі соттарда қаралады.

Егеменді, бейбітшілік елде өмір сүріп жатқан адал да еңбекқор азаматтарымызға өндірісте болсын, үйде болсын кішіпейілділік жарасымды.

Отбасы – мемлекеттің негізгі буыны. Отбасы – болашақ ұрпақ бойына адамзаттық құндылықтарды және ұлттық рухани байлықты сіңіретін тәрбие ошағы. Сондықтан әрбір азамат адам баласының түп қазығы, алтын ұясы – отбасы екенін естен шығармауы қажет.

Болат ПАЗЫЛОВ,
Ақтау қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотының судьясы
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

ФОРУМ

Алматыда «Қауіпсіздік және тәуекелдер. Жаһандық сын. Ықтимал ескертулер» деп аталатын халықаралық форум өтті. «Медицинадағы қауіпсіздік және тәуекелдер», «Индустрияландыруды дамыту, ел қауіпсіздігі үшін қажеттілік ретінде», «Төтенше жағдайлардағы қауіпсіздік және тәуекелдер» деген үш секцияға ұласқан бұл шараға құзырлы министрлік өкілдері мен сарапшылар және Парламент депутаттары қатысты.

ҚАЗАҚСТАН ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАРҒА ДАЙЫН ЕМЕС

Мәжілістің Қорғаныс, қауіпсіздік және халықаралық қатынастар комитетінің мүшесі, депутат Константин Авершиннің айтуынша, ол жетекшілік ететін қоғамдық ұйым республиканың техногендік сипаттағы төтенше жағдайларға дайын еместігін көптен бері айтып келе жатыр. Тіпті бұл мәселені ол Мемлекет басшысымен болған кездесуде де айтқан. Сөз бен істің қабыспайтынын 2020-2021 жылдардағы пандемия, 2022 жылғы қаңтар оқиғасы және Қостанайдағы соңғы өрт тағы дәлелдеп берді. Сондықтан ол Мәжілістің салалық комитетінде де өзі көтеріп жүрген мәселелерді оң шешімі табылғанша жалғастыруға дайын.

– Ел ішінде дүрбелең болдырмау үшін ең алдымен тұрғындармен жұмыс істеу керек. Пандемия мен қаңтар оқиғаларында оны бәріміз көрдік. Бұл үшін мемлекеттік құрылымдарда да, қоғамдық бірлестіктерде нақты әрекет алгоритмдері болуы керек. Ол бар деп жай белгілеу үшін емес, сапа үшін қажет. Осы уақытқа дейін елде көптеген заң жобалары қабылданды. Оның ішінде волонтерлік қызмет туралы заң жобасы да бар. Алайда ондағы істер жергілікті жерде орындалмайды. Мәселен, Алматыдағы тасқын кезінде оған қатысқан әскери құрылымдарда тамақтандыру жүйесінің мүлде ойластырылмағаны белгілі болды. Өйткені әскери құрылымдарды тамақтандыру аутсорсинг арқылы қаржыландырылады. Алайда өзінің жеке өмірі үшін қауіпті жағдай болған кезде тасқын не техногенді сипаттағы апат болған кезде ешкім ешқандай сарбазды тамақтандыруға бармайды. Ерекше кезеңде әскерлерде автономды тамақтандыру базасы болуы керек деген депутаттық сауал сондықтан көтерілді, – дейді Мәжіліс депутаты. К.Авершиннің сөзіне қарағанда, қазір елімізде төтенше жағдайға дайындалған қажетті еріктілер саны жоқ. Олар тек қағаз жүзінде ғана бар. Мысалы, ковид оның қоғамдық бірлестігіндегі адамдар жер-жердегі атқарушы билік органдарынан көмекке мұқтаж адамдардың тізімін сұраған кезде Әлеуметтік саясат басқармасы оны жай белгілеу үшін жасағаны әшкере болған. Олардың берген тізімі бойынша мекенжайларға барған кезде ол жерлерден ешқандай мұқтаж адамдарды таба алмаған. Сондықтан тізімді өздері қайта жасап шығуға мәжбүр болған. Бұған құзырлы министрліктерді кәнәлауға да болмайды. Өйткені олардың мақсат-міндеттері анық көрсетілгенімен, олар одан төтенше жағдай кезінде оңға не солға қозғала алмайды. Өйткені ешқайсысында нақты әрекеттердің алгоритмдері жоқ. Сол себепті оны уақыт өткізбей мемлекеттік органдар мен қоғамдық бірлестіктерді қатыстыра отырып жасау керек. Оның бұл сөзін дәрі-дәрмек пен медициналық құрал-жабдықтарды өндірушілер мен медицина қызметкерлері де сессия кезінде нақты фактілермен көрсетіп берді.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ӘДЕП НОРМАЛАРЫ

ХАЛЫҚҚА ҚАЛТҚЫСЫЗ ҚЫЗМЕТ

«100 нақты қадам» Ұлт жоспарының 12-қадамын жүзеге асыру шеңберінде кәсіби мемлекеттік аппаратты қалыптастыру бойынша ҚР Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 Жарлығымен ҚР мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексі (Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік этикасының ережелері) бекітілді.

Гүлстан ТЕМІРОВА,
ҚР Сот әкімшілігі Павлодар облысы бойынша департамент басшысының орынбасары,
Әдеп жөніндегі уәкіл

Қоғам – мемлекеттік қызметші өзінің кәсіби қызметіне бар күшін, білімі мен тәжірибесін жұмсайды, өзінің отаны Қазақстанға бейтарап және адал қызмет етеді деп есептейді. Бұл кодекс қоғамның мемлекеттік органдарға деген сенімін нығайтуға, мемлекеттік қызметте өзара қарым-қатынастың жоғары мәдениетін және парасаттылық атмосферасын қалыптастыруға, сондай-ақ, мемлекеттік қызметшілердің әдепсіз мінез-құлық жағдайларының алдын алуға бағытталған.

Кодекске сәйкес мемлекеттік қызметшілер Қазақстан халқының бірлігі мен елдегі ұлтаралық келісімді нығайтуға ықпал етуге, мемлекеттік тіл мен басқа тілдерге, Қазақстан халқының дәстүрлері мен ғұрыптарына құрметпен қарауға, адал, әділ, қарапайым болуға, жалпыға бірдей қабылданған моральдық-әдептілік нормаларды сақтауға, азаматтармен және әріптестермен қарым-қатынаста әдептілік танытуға тиіс.

Кодексте мемлекеттік қызметшілердің жалпы мінез-құлық стандарттары, қызметтен тыс уақыттағы мінез-құлық стандарттары, қызметтік қарым-қатынастағы мінез-құлықтары, сонымен қатар көпшілік алдында, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында сөйлеуі нақты айқындалған.

Әдеп кодексі жалпы қабылданған мінез-құлық нормаларының басқа да тұстарын қамтиды. Әдеп кодексіне сәйкес мемлекеттік қызметші мемлекеттік аппараттың беделін нығайтуға ықпал етуге, ресмилікпен, ұстамдылықпен және ұқыптылықпен ерекшеленетін жалпыға бірдей қабылданған іскерлік стиліне сай болуға тиіс.

Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп нормаларын сақтауы саласындағы заңнамаға енгізілген жаңашылдықтардың бірі ҚР Президентінің Жарлығымен бекітілген (Әдеп кодексімен бір мезгілде) Әдеп жөніндегі уәкіл туралы ереже болды.

Әдеп жөніндегі уәкіл өз құзыреті шегінде: мемлекеттік қызметшілерге Қазақстанның мемлекеттік қызмет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасының және Әдеп кодексінің талаптарын сақтау мәселелері бойынша консультациялық көмек көрсету; мемлекеттік қызметшілердің заңдарда белгіленген шектеулер мен тыйымдарды сақтауына ықпал ету; мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп нормаларын бұзу фактілері бойынша жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау және Әдеп жөніндегі уәкіл туралы ережеге сәйкес басқа да функцияларды жүзеге асырады.

Сонымен қатар, Әдеп жөніндегі уәкіл мемлекеттік қызметшілер заңнаманы бұзған жағдайларда, құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен шарттарды талдайды және мемлекеттік органның басшылығына оларды жою туралы ұсынымдар енгізеді; профилактика және заңнаманы бұзуға жол бермеу, сондай-ақ, мемлекеттік қызметтің оң бейнесін қалыптастыру мақсатында азаматтық қоғам институттарымен және мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасайды; қызметтік әдеп нормаларының бұзылуына жол бермеу мақсатында өзге де қызметті жүзеге асырады.

Сондықтан мемлекеттік қызметшілердің белгіленген мінез-құлық стандарттарын қатаң сақтау халықтың мемлекеттік аппаратқа деген сенімін арттыруға мүмкіндік береді. Демек, әрбір қызметкердің алдына қойған басты міндеті – халыққа тиімді қызмет ету.

КОНТРАФАКТ

ЖАЛҒАН ТАУАРЛАР САУДАСЫ АЗАЙМАЙ ТҰР

Контрафактілік тауарлар әлемнің барлық елдерінде, соның ішінде Қазақстанда да өзекті мәселе болып тұр.

Төмен бағаға байланысты контрафактілік өнімдер сұранысқа ие. Жалған сауда жасаудың барлық мәні – тауарларды тез сату. Жасанды өнімдер арзанырақ, өйткені заңсыз өндірушілер бәрін үнемдейді: жабдықты, жұмыс күшін, материалдарды. Тауарлар көбінесе қолөнер жағдайында, өз үйінің ауласында жасалады. Тәртіп бұзушылар бөтен тауар белгісін заңсыз пайдаланғаны үшін өздеріне қауіп төндіретін жауапкершіліктен де қорықпайды.

Сонымен контрафактілік өнімді өндіру, әкелу, өткізу үшін заң бұзушыға: контрафактілік өнімді тәркілеу және жою арқылы 20-дан 80 АЕК-ке дейін айыппұл түріндегі әкімшілік жауапкершілік; не қылмыстық жауаптылық (ірі зиян келтірген жағдайда) 80 АЕК-ке дейінгі мөлшерде айыппұл салу, не түзеу жұмыстарына, не 80 сағатқа дейін қоғамдық жұмыстарға тарту, не 20 тәулікке дейін қамауға алу қолданылады. Контрафактілік тауарлардың басым бөлігі – киім, аяқ киім, аксессуарлар, жалған автокөлік бөлшектері Қытайдан келеді. Азық-түлік өнімдері – кәмпиттер, печеньелер, тәттілер, газдалған сусындар және басқа да танымал жалған өнім топтары Өзбекстаннан келеді.

Шығыс Еуропа мен БАӘ-де салықсыз темекілердің үлкен саны шығарылады. Олар бізге Орталық Азия елдері мен Ресей арқылы тасымалданады.

Контрафактілі өнімнің әрбір түрі тұтынушының өмірі мен денсаулығына зиян. Мысалы, контрафактілік косметика мен тұрмыстық химия аллергиялық және дерматологиялық реакциялардың қаупін тудырады, жалған автокөлік бөлшектері автомобильдің өнімділігін төмендетеді және жол қауіпсіздігіне әсер етеді, контрафактілік алкоголь мен темекі өнімдері улануды тудыруы мүмкін және осы өнімдерді тұтыну онсыз да денсаулыққа зиян келтіруі мүмкін. Жасанды балалар өнімдерінің құрамында улы бояғыштардың көп мөлшері болуы мүмкін. Құрылыста жалған цементті пайдалану тұтас ғимараттардың қирауына әкеліп соқтырады, ал жалған электр сымдарын пайдалану өрттің жиі шығуына себеп болады.

Уақыт өте келе фейктердің көрнекі сапасы жақсарады, тіпті, сарапшыларға да жалғандықты түпнұсқадан көзбен ажырату қиынға соғады. Ал контрафактілік тауарларды сатып алу қаупін азайту үшін көше базарлары мен стихиялық сауда нүктелерінен аулақ болып, өндірушілерден, уәкілетті дилерлерден/дистрибьюторлардан немесе сенімді дүкендерден сатып алу ұсынылады. Тауарлар қаптамасының бүтіндігі мен сапасын тексеріңіз, жарамдылық мерзімін тексеріңіз, қаптамада шығарылған күні немесе жарамдылық мерзімі қайталануы мүмкін бөгде жапсырмалардың болмауы/болуын қадағалаңыз. Тауардың шыққан жерін анықтау үшін авторлық құқық иелері мен дилерлерге тікелей сұрау салуға немесе қаптамада көрсетілген сенім телефонына қоңырау шалуға болады.

А. ГАБДУЛЛИНА,
Әділет департаменті зияткерлік меншік құқығы бөлімінің бас маманы
АҚМОЛА ОБЛЫСЫ

ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТ

Жамбыл облысы бойынша қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы Қ.Мұратов облыстық «Jambyl» радиосына «Алқабилердің қатысуымен сот отырысын жүргізу тәртібі» тақырыбында сұхбат берді.

РАДИОТЫҢДАРМАНДАР СУДЬЯМЕН СҰХБАТТАСТЫ

Қ.Мұратов азаматтардың тарапынан сот қызметіне деген сенім мен ашықтықты қамтамасыз ететін демократиялық негіздердің іске асуы алқабилер институтының арқасында деп атап өтті.

Эфир барысында тәуелсіздік алған уақыттан бастап Қазақстандағы сот жүйесін реформалау процесі, келешекте алқабилер сотының қолданылу аясын кеңейту, алқабилер сотымен аса ауыр қылмыстар бойынша қылмыстық істерді қарау ерекшеліктері, тараптардың нағыз жарыспалылығы барынша толық қамтамасыз етілетін сот төрелігін жүзеге асырудың осы моделінің артықшылықтары бойынша мәселелер талқыланды.

ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 655-бабына сәйкес, алқабидің міндеттерін атқару үшін азаматтың шақыру бойынша дәлелді себептерсіз сотқа келмеуі жеке тұлғаларға 10 АЕК мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады, деп түсіндірді. Судья сонымен бірге алқаби мәртебесінің қажеттілігі мен маңыздылығын, сот төрелігін жүзеге асыруда олардың дауысы шешуші болып табылатынын және қандай жауапкершілікті талап ететіндігі туралы атап өтті.
